



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА  
GUMILYOV EURASIAN  
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2015»  
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
X Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2015»

---

PROCEEDINGS  
of the X International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2015»

**УДК 001:37.0**  
**ББК72+74.04**  
**Ғ 96**

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0  
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2015

келмейді. Жалпы, халқымыздың «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген дана қағидасын әрдайым, әрқайсысымыз жадымыздан шықпайтын биік ұстаным болуға тиіс. Себебі бұл қаражат халықтікі, әрбір салық төлеушінің үлесі екенін ұмытпағанымыз жөн.

Жас кезінен аурушаң болған Поль Брегг «Өзіңді өзің жасай біл» деген қағиданы нық ұстанған. Ол ынта-жігерінің салауатты өмір сүруге деген құштарлығының арқасында барлық ауруларды жеңіп, денсаулығы мықты болып өмір сүрген. Ия, кіснің болса да денсаулығы өз қолында. Салауатты өмір сүремің десейіз ешкім оған қарсы тұра алмайды.

Салауатты өмір салтына денешынықтыру, спорт, дене тәрбиесі, туризм, халықаралық туризм, табиғатқа серуен, таза ауада жүру жатады. Кешкі тамақтан соң, таза ауада бір-екі сағат серуен құрып, ұйықтаудың пайдасы зор. Ұйқы 7-8 сағаттан кем болмауы тиіс. Әр адам жыл сайын бір рет еңбек демалысын тиімді пайдаланғаны жөн. Барлық кезде тамақты жаңадан дайындап ішкен дұрыс. Алланың табиғатты адам үшін жаратқанын және парыз еткенін, тіршілігінде қажетіне дұрыс пайдалануды, денсаулығына зиян келмейтіндей жағдайда болуын қадағалауды салауатты өмір салты деп ұғамыз.

Адам денсаулығына зиянын тигізетін жат әдеттерден аулақ болғаны жөн. Енді оларға не жататынына тоқтала кетейік: Олар – темекі тарту, спирттік ішімдіктерге, есірткілік заттарға салыну. Арақтың орнына қымыз бен қымыран іш, темекі тартудың орнына таза ауада көбірек жүр. Жастарға есірткіні пайдаланба, көңіл көтеретін мәдени көпшілік орындарына баруды әдетке айналдыр дер едім. Еңбек адамды тәрбиелейді. Сондықтан жұмыс істеуден қашпаған жөн. Жалқаулыққа салынудың соңы жақсылыққа апармайды. Иmandылық жолына түсіп, жылына бір келетін оразаны тұтып, оның тәртібін сақтағаныңыз дұрыс. Дүниеде бұған тең келетін ештеңе жоқ.

Біз табиғаттың, қоршаған ортаның ластануына жол бермеуіміз керек. Өзіңізді қандай көрсейіз, өзгелерді де солай көріңіз. Адамдар бір-бірімен дос, бауырлас, сыйлас, рақымды, мейірімді болса, нұр үстіне нұр жауады. Әрқашан жаман ойдан аулақ болыңыз. Адам өзін өзгеден кем сезінуі, денсаулығының нашар екендігін ойлап қамығуы, көз алдына өлім қорқынышын елестетуі ойды бұзады [2].

Сөз соңында қайра айтарымыз, халық денсаулығы тек медицина қызметкерлерінің кәсіби тірлігі ғана емес, бүкіл қоғамның тұтас денсаулық сақтауға және нығайтуға арналған үйлескен іс-қимыл әрекеттерінің жемісі екенін баршамыз да ұғынуға тиіспіз. Сонда ғана қоршаған ортаны сақтай отырып, таза су ішіп, дұрыс тамақтанып, иманды және салауатты өмір салттарын тұрақты қалыптастырсақ болашақтың жарқын кепілі болмақ.

#### **Қолданылған әдебиет**

1. Неменко Б.А. Оспанова Г.К Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы (Оқулық).- Алматы – 2002 - 344б.
2. Кучма В.Р. Гигиена детей и подростков., М., Медицина, - 2004.

УДК [378.147:796]: 37.035

#### **«СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫ ҚАСИЕТТЕРІН ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ІС ШАРАЛАРМЕН ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ»**

**Құрақ Бексұлтан.**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Әлеуметтік ғылымдар факультетінің студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші –Е. Молдан

Қазақстан республикасының тәуелсіздігі жылдары көптеген жетістіктерге жеткен бірде бір сала, ол дене шынықтыру және спорт десек артық айтқан болмас. Себебі жоғары оқу орнының білім беру үрдісінің субъектісі тарапынан студенттердің әлеуметтік маңызды қасиеттері тәрбиелеудің әсерін анықтайтын негізгі нысанның бірі сол сала болып табылады.

Солардың ішінде, әсіресе, студент жастар қауымдастарының құнды бағдарлауы мен жоғары сүйіспеншілік сана-сезімі, студенттік жолдастық, құқықтық және оқу тәртіптілігі, оқу үлгерімі, әлеуметтік-еркіндік қасиеті және т.б. атап көрсетуге болады.

Бұл-жоғары оқу орнының барлық профессорлары мен оқытушылар құрамының, соның ішінде спорт пен дене шынықтыру қызметтеріндегі үдірісті мақсатты түрде жүзеге асыруда құрылатын сипаттамалар.

Жастардың тәртібі мен сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеуде спорт пен дене шынықтыру сабақтарының маңызды рөл атқаратынын алғашқы әдебиет көздерінің бірқатарлары талдаулар барысы көрсетті. Бұл өзекті мәселелерді спорттық ғылымның білікті мамандары қарастырған В.В.Беларусова, В.У.Агеев, В.М.Выдрин, В.Ш.Щеголев, В.К.Бальсевич, М.Я.Виленский, В.И.Столяров, С.В.Николаев, Ю.Н.Щедрин, және т.б.

Мысалы [1] жұмысында спорт пен дене шынықтыру қызметтерін тиімді басқарудың нәтижесін жастарды сүйіспеншілік қарым-қатынас жүйесіне қосқан, мықты ұйымдасқан әлеуметтік маңызды мақсаттың жеткен жетістігімен байланыстырады. Студент-спортшының алға қойған мақсатқа жету жолындағы ереулі еңбегі, спорттық қызыметті басқалардан бөліп қарастыратын жоғары эмоциялығы, өзін ұстай білушілік пен өзін-өзі бақылай алудың қажеттілігі, осының бәрі кезінде спорттық әрекеттер барысында жеңіліс тапқан кезеңдерде саюырлық танытуға көмектескеніндей, өмірдің әртүрлі қиын сәттерінде өз пайдасын тигізеді. Жастардың ортасы спортпен айналысатын жігіттер мен өыздарға әділетсіздікке қарсы шығуды қалыптастырып, олардың бойына жоғары құқықтық, адамгершілікті сіндіруге мүмкіндік туғызады.

Жоғары оқу орнының әрбір үшінші, төртінші студенті қзінің спортпен шұғылданыуын кәсіби дағдыларды мен денсаулық сапасын жетілдіре түседі деп есептейді. Студенттердің бірэзы жарыстарда студенттік ұжымның спорттық намысын қорғау үшін спортпен шұғылданыу қажет деп түсінсе, тура осындай көрсеткішті студенттер спорттықжастарға қатысуы кезіндегі дайындықтарда тұлғаралық қарым-қатынасқа көңілі толғандықтан спортпен шұғылданатыны белгілі юолды. Тек студенттердің 6% дан сәл артығы ғана спорттық жетістіктің биік биік шыңына жетіу үшін тырысып спортпен шұғылданатындығы анықталды.

Студенттердің спорттық қызмет мотивациясында процессуалдық мотивтің үстемдігі жоғары екендігін алынған нәтижелер дәлелдеді.Осы процессуалдық мотивтер көбінесе спорт түрлерінің функцияналды мазмұнының эмоциялы, экспрессивті сәттермен бөлінетіндігі көрсетіледі.

Яғни, осы үрдіске қатысушылардың сабақтастығын сипаттайтын спорттық қызмет, спортпен шұғылданыудың негізгі қозғаушы күші өзара қарым-қатынасты қажетсінуден болатынын анықталғандығын көрсетті.

Осы бағытты зертеген ғалымдардың деректі ұсыныстары қарым-қатынас адамдар арасындағы әрекеттесуді өзара түсінушілік пен реттеуде жетістікке жетіу үшін, бір-бірімен алмасқан эмоциясы мен ақпараттарын қортындылайтын байланыс деп қарастыруда. Өзара түсінушілікте қарым-қатынастағы қатысушылардың бірін-бірі таныу мақсатында ақпаратты қабылдап, талдау үдірісі жүретіні анықталды, ал өзара реттеуде қарым-қатынастағы серіктестіктің бет-алысындағы өзгерістер мен мотивтердің өзектенуі, мақсаттың нақтылануы мен құрылуы болып саналады.

Қызмет сияқты, қарым-қатынас – тұлғаны қалыптастыратын қажетті шарт. Қарым-қатынас үрдісінде адамдардың әрекеттестігі мен өзара ықпалдылығының, көзқарасы мен көңіл-күйінің, идеясының ортақтастығы айқындалатын көрніс табылады.

[2] әскери-оқу орындарының көп мөлшердегі курсанттарына мақсатты түрде, спорт пен дене дайындығының сүйіспеншілік сана-сезым мен тәрбиені қалыптастыру үдірісіне арнап жүргізген зерттеуі, дене тірбиесі мен спортты тиімді қолданудың арқасында, қалай сүйіспеншілікке тәрбиелеуде болса, дәл солай дене тәрбиесінде де ең бір қолайлы жол екенін көрстті.

Зерттеу сиуденттердің ішінде спортпен үнемі айналысатындары әрқашан сайланған

қоғамдық жұмыстардың басында болып, қоғамдық тапсырмаларды тиянақты орындайтынын көрсетті.

Кешендік тапсырмалардың көмегімен, яғни қоғамдық жұмысқа өзін араластыру факті, қатысу мотиві, уақытша көрсеткіш сияқты белгілері жинақталғанда корреляциялық талдау негізінде студенттердің бірнеше тобы анықталады. Топтар студенттердің қоғамдық қызметке араласудағы тәртібі бойынша ағана емес, сонымен қатар, әлеуметтік белсенділік деңгейіне де байланысты болады. Әлеуметтік белсенділігі жоғары деңгейлі студенттер (жігіттер мен қыздар) –бірінші топқа, орташа деңгейдегілер – екінші топқа, төменгі деңгейдегілер үшінші топқа біріктіріледі. Төртінші топ өзіне практикалық пассивті тұлғаларды жинақтайды.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 422 студенттеріне жүргізілген әлеуметтік белсенділігінің типтік нәтижесін талдауды кестеде көрсетілген. Кесте әр түрлі спорттық дәрежелердегі студенттердің әлеуметтік белсенділік деңгейі%

Кесте 1

| Әлеуметтік белсенділік деңгейі | I дәрежелі және одан жоғары дәрежелі спортшылар | Бұқара-көпшілік дәрежедегі спортшылар | Спортпен үнемі айналыспайтындар | Спортпен айналысудан қашатындар |
|--------------------------------|-------------------------------------------------|---------------------------------------|---------------------------------|---------------------------------|
| Жоғары                         | 32,2                                            | 37,6                                  | 23,3                            | 3,8                             |
| Орта                           | 31,5                                            | 39,2                                  | 18,6                            | 9,4                             |
| Төменгі                        | 21,4                                            | 17,7                                  | 22,9                            | 34,2                            |
| Практиксіз<br>Пассивті деңгей  | 12,7                                            | 3,4                                   | 32,3                            | 50,4                            |

Осы кестеден көріп отырғандай, спортпен белсенді айналысатын студенттердің спортпен айналыспайтындармен салыстырғанда қоғамдық жұмыстарға қатысу көрсеткіші әлдеқайда жоғары. Спорт пен дене шынықтыру саласындағы белсенділік әлеуметтік қызметтің барлық саласындағы белсенділікпен тығыз байланысты.

Туындаған заңдылық жоғары оқу орнының басқару аппараттарына, әсіресе, дене тәрбиесі оқытушыларына студенттерді салауатты өмір салтын ұстанып белсенді өмір сүруіне, оқу мен қоғам алдындағы міндеттеріне саналы түрде қарауға тәрбиелеуге спорт пен дене шынықтырудың амал-тәсілдерін оданда тиімді, әрі жете пайдалануда мүмкіншіліктер барлығын дәлелді көрсетеді.

Әлеуметтік белсенділікті қалыптастыруда спорт пен дене шынықтыру сабақтарының оң әсер ететінін бағалай отырып, кейбір кәсіптену ерекшеліктерінің қырсырына назар аударған жөн. Жүргізілген зерттеудің қортындысы көрсеткендей спорттың әртүрлімен айналысатын студенттердің қоғамдық белсенділігі бірдей емес. Сонымен, студенттер арасында қоғамдық жұмыстарда ең көп белсенділікті спорттық ойындар, қолданбалы көп сайыстармен және де спорттың басқа да түрлерімен айналысатындар көрсеткен, себебі осы аталған спорт түрлерінің әрекеттерінің басты ерекшеліктері болып, негізінде олардың қандайда жетістікке жету жолдары тек бірігіп өзара ортақтасудың нәтижесінде ғана іске асатындығы дәлелденген.

Қарастырылған мәліметтерді қорға алғанда, қызығушылық танытудың ортақтығы студент жастардың қоғамдық белсенділігін дағдыландырады және өзара коммуникациялық қалыптастыра келіп, ұжымның әлеуметтік маңызды мотивтерімен гармониялық үйлестік табылатындығы көрсетілді.

#### Қолданылған әдебиет

- 1.Шеголев В.А. Физическая культура и спорт в воспитании. –Великие Луки, - 1999.- С 52.
- 2.Макаров А.Г. Дис. Канд. Наук. –Л.:ВДКИФК,- 1985.- С 216.